

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық/Кепілдік



Автоматты кофеқайнатқыш

KA 3356

Басқару элементтеріне шолу жасау



Пайдалануға беру жөніндегі басшылық

Біздің өнімімізді таңдағаныңыз үшін рахмет. Біз сізге жайлы пайдалануды тілейміз!

Осы Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтағы белгілер

Сіздің қауіпсіздігіңіз үшін маңызды нұсқаулар ерекше көрсетілген. Жарақат алу мен аспаптың бұзылуына жол бермеу үшін осы нұсқауларды мұлткісіз орындаңыз!

ЕСКЕРТУ:

Сіздің денсаулығыңызға деген қауіптілік туралы ескертеді және ықтимал жарақат алу көздерін көрсетеді.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

Аспаптың өзіне немесе басқа заттарға келетін ықтимал қауіптерді көрсетеді.

НҰСҚАУ: Сізге арналған кеңестер мен ақпаратты белгілейді.

Жалпы нұсқаулар

Аспапты пайдалануға берудің алдында пайдалануға беру жөніндегі нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және оны кепілдік талонымен, кассалық чекпен және мүмкіндігінше ішкі қаптамасы бар картон қорпаппен бірге сақтаңыз. Аспапты үшінші тұлғаларға берудің алдында Пайдалануға беру жөніндегі нұсқаулықты да бірге беріңіз.

- Аспапты тек үй шаруашылығында және оның тікелей мақсаты бойынша ғана пайдаланыңыз. Осы аспап коммерциялық пайдалануға арналмаған.
- Аспапты далада пайдаланбаңыз. Оны ыстықтан, тікелей күн сәулесінен, ылғалдан (оны ешқашан сұйықтыққа салуға болмайды) және үшкір бұрыштарға соғудан сақтаңыз. Жұмыс істеп тұрған аспапты дымқыл қолмен ұстамаңыз. Егер аспапқа су тиген немесе дымқылданған жағдай болса, онда оны дереу желіден өшіріңіз.
- Егер сіз аспапты пайдаланбайтын болсаңыз, қандай да бір жабдығын орнататын болсаңыз, аспапты тазаласаңыз немесе бұзылыс пайда болса, үнемі аспапты өшіріп, ашасын розеткадан шығарыңыз (баудан емес, ашасынан ұстап тартыңыз).
- Жұмыс істеп тұрған құрылғыны қараусыз қалдырмаңыз. Бөлмеден шығуыңыз керек болса, үнемі аспапты өшіріп кетіңіз. Ашаны розеткадан суырыңыз.
- Аспап пен желі бауын мезгіл сайын бұзылмағандығын тексеру керек. Бұзылыс анықталған жағдайда аспапты пайдаланбаңыз.
- Түпнұсқалық бөлшектерді ғана пайдаланыңыз.
- Өз балаларыңыздың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қаптаманың бөлшектерін (пластик қап, картон қорап, пенопласт және т. б.) балалардың қолы жететін жерде қалдырмаңыз.

ЕСКЕРТУ!

Кішкентай балаларға үлдірмен ойнауға рұқсат етпеңіз. **Тұншығу қаупі бар!**

Осы аспапқа арналған қауіпсіздік техникасының арнайы ережелері

ЕСКЕРТУ: күйік алу қауптілігі!

Кофе дайындау кезінде су резервуарының қақпағын ешбір жағдайда ашпаңыз.

- Аспапты түзу, тұрақты бетте ғана пайдаланыңыз.
- Аспапты суға арналған резервуарда су болған жағдайда ғана пайдаланыңыз.
- Аспап жұмыс істеп тұрған кезде оны тасымалдауға болмайды.
- Бұл құралды **8 жастағы және одан үлкен жастағы балалар**, егер олар бақылауда болса немесе **құралды қауіпсіз пайдалануға** қатысты нұсқау болса және аспаптан шыға алатын тәуекелдерді түсінсе пайдалана алады.

- Пайдаланушы жүзеге асыратын аспапты тазалау және **техникалық қызмет көрсетуге** қатысты әрекеттер **балаларға** рұқсат етіледі, егер олар 8 жастан асқан болса және ересектер тарапынан бақылауда болса ғана рұқсат етіледі.
 - Аспапты және оның желі бауын 8 жастан кіші балалардың қол жетімділігінен тыс жерге орналастырыңыз.
 - **Балаларға** аспаппен ойнауға рұқсат етпеңіз.
 - Бұл аспапты физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі немесе тәжірибесі және/немесе білімі жеткіліксіз тұлғалар пайдалана алады, егер олар бақылауда болса немесе **аспапты қауіпсіз пайдалануға** қатысты нұсқау алса және аспаптан туындайтын тәуекелдерді түсінсе.
 - Аспапты өздігіңізден жөндеуге болмайды, авторландырылған маманға жүгінііз. Қауіпке жол бермеу үшін бұзылған желілік бауды өндіруші, біздің сервистік қызмет немесе тиісті біліктілігі бар тұлға, және тиісті сипаттамасы бар желілік бауға ғана ауыстыруды жүзеге асыруы керек.
 - Бұл аспап ұнтақталған кофе дәндерінен кофе дайындауға арналған.
 - Аспапты құрғақ үй-жайларда ғана пайдаланыңыз. Аспап үй шаруашылығында және т. б. пайдалануға арналған, мысалы
 - дүкендердегі қызметкерлер ас үйінде, кеңселерде және өзге де өндірістік аймақтарда;
 - қонақ үйлерде, мотельдерде және тұруға арналған басқа да орындарда тұрушыларға.
- Ол таңғы ас қосылған ауыл шаруашылығы үйлерінде немесе қонақ үйлерде пайдалануға арналмаған.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

Аспап тазалау кезінде суға салуға арналмаған. «Тазалау» бөлімінде берілген нұсқауларды сақтаңыз.

Жеткізу көлемі

- 1 x автоматты кофеқайнатқыш
- 1 x сүзгі ұстағыш
- 1 x тұрақты сүзгі
- 1 x тостаған

Аспапты қаптамадан шығару

- 1 Аспапты қаптамадан шығарыңыз.
- 2 Пленка, толтырғыш, кабель қамыттары және картон қаптамасы сияқты барлық қаптама материалын алып тастаңыз.
3. Жеткізу көлемін толықтық мәніне тексеріңіз.
4. Егер жеткізу көлемі толық болмаса немесе зақымдану байқалса, аспапты пайдаланбаңыз. Дереву сатушыға қайтарыңыз.

ЕСКЕРТПЕ:

Аспапта шаң мен өндірістік материалдардың қалдықтары қалуы мүмкін. Құралды «Тазалау» бөлігіндегі нұсқаулықтарды орындап, тазалауға кеңес береміз.

Басқару элементтеріне шолу жасау

- 1 Тұрақты сүзгі
- 2 Шығару келтеқұбыры (ЖАБУ)
- 3 «MAX» белгісі
- 4 Суға арналған резервуардың қақпағы
- 5 Суға арналған резервуар
- 6 Сүзгі ұстауышы
- 7 I/O желілік сөндіргіш
- 8 Бастау батырмасы 
- 9 Жұмыстың жарық индикаторы
- 10 Сетевая штепсельдік ашасы
- 11 Науа (алынбалы)
- 12 Тостаған

Пайдалану бойынша нұсқаулар

Орнату орны

- Автоматты кофеқайнатқышты орнықты тегіс бетке орнатыңыз. Аспапты аунап қалмайтындай етіп қойыңыз.
- Аспапты газ немесе электр плитасына немесе басқа жылу көзіне жақын орнатпаңыз.

Электр желіге қосу

1. Желілік сөндіргішті (7) күйіне «О» орнатыңыз, әйтпесе аспап кездейсоқ қосылуы мүмкін.
2. Өзіңіз пайдаланатын желінің кернеуі аспаптың кернеуіне сәйкес келетіндігіне тексеріңіз. Тиісті мәліметтерді аспаптың төлқұжаттық кестесінен қараңыз.
3. Желі кабелін нұсқамаларға сәйкес орнатылған жерге қосу контактісі бар розеткаға қосыңыз.

Алғашқы пайдалану

Кофені бірінші рет дайындаудан бұрын аспапты 2 рет таза сумен, ұнтақталған кофесіз пайдаланыңыз. Бұл тасымалдау кезінде аспаптың ішінде жиналуы мүмкін шаңды жоюға көмектеседі. "Пайдалану" бөлімінде сипатталғандай әрекет етіңіз.

Пайдалану

1. Желілік сөндіргіш (7) «О» күйіне орнатылғанына көз жеткізіңіз.
2. Суға арналған резервуардың қақпағын ашыңыз.
3. Суға арналған резервуарға суық су құйыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

Рұқсат етілген толтыру деңгейінен аспаңыз!

Суды «MAX» белгісінен жоғары толтырмаңыз.

4. Сүзгіні шығару үшін шығару келтеқұбырын шетіне қарай жылжытыңыз. Тұрақты сүзгіні шешіп алыңыз. Тұрақты сүзгіге 4 граммнан артық емес ұнтақталған кофе салыңыз, әйтпесе сыртына төгілу қаупі бар. Тұрақты сүзгіні орнына орнатыңыз және сүзгінің үстіне шығару келтеқұбырын қайта орнатыңыз.
5. Тостағанды науаға орнатыңыз және су резервуарының қақпағын жабыңыз.
6. Ашаны тексерілген розеткаға салыңыз.
7. Сөндіргішті «I» күйіне орнатыңыз. Егер жұмыстың жарық индикаторы жанбаса, бастау  батырмасын басыңыз. Дайындау процесі басталады.

ЕСКЕРТПЕ:

- Аспап жұмысының жарық индикаторы жанады.
- Дайындау процесі шамамен 3-4 минутқа созылады.
- Дайындау аяқталғаннан кейін шамамен 15 секундтан кейін құрылғы автоматты түрде өшіріледі. Аспаптың жарық индикаторы өшеді.
- Сіз кез келген уақытта желілік сөндіргішті (7) «О» күйіне орнатып, дайындау процесін тоқтата аласыз.

8. Құрылғыны сөндіру үшін әрқашан желілік сөндіргішті «О» күйіне орнатып отырыңыз.

ЕСКЕРТУ:

Егер сіз бірден тағы бір тостаған кофе дайындағыңыз келсе, аспапты сөндіріңіз. Су құю барысында ыстық су тамшыларының шашырауын болдырмау үшін суға арналған резервуарды ашып аспапты суытыңыз.

ЕСКЕРТПЕ:

1 минут суыту фазасынан кейін ғана бастау  батырмасын басу арқылы құралды қайта қосуға болады.

Қақты кетіру

Кофе дайындау уақыты айтарлықтай ұлғайған кезде, қақты жою қажет болады.

- Қақты кетіру үшін сатылымда бар лимон қышқылы негізінде жасалған қақ кетіргіш құралдарды ғана пайдаланыңыз.
- Мөлшерлемесін қаптамадан немесе қосымша парақтан қараңыз.
- Науаға немесе басқа да қолайлы сыйымдылыққа орнатыңыз.

ЕСКЕРТУ:

- Осыдан кейін 3-4 рет таза суды қайнатыңыз, ол қақ кетіруге арналған құрал қалдықтарын жояды.
- Ұнтақталған кофені пайдаланбаңыз!
- Бұл суды тамаққа қолданбаңыз.

Тазалау

ЕСКЕРТУ:

- **Аспапты тазалаудың алдында оны желіден өшіріңіз және оның суығанын күтіңіз.**
- **Аспапты суға батыруға тыйым салынады. Бұл ток ұруға немесе өртке әкелуі мүмкін.**

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

- Құралды тазалау үшін металл қылшақты және басқа да абразивті заттарды аспапты тазалау үшін ешбір жағдайда пайдаланбаңыз.
- Үшкір немесе абразивтік тазалайтын құралдарды пайдаланбаңыз.

- Аспаптың сыртқы бетін қажет болған жағдайда аздап дымқылданған сулықпен - қоспасыз тазартыңыз.
- Егер кофе қоюы аспаптың ішіне түсіп кетсе, оны қағаз сүлгімен алып тастаңыз. Содан кейін аспаптың ішкі бетін дымқыл сулықпен сүртіңіз.
- Тостағанды, науаны және тұрақты сүзгіні жуудың әдеттегі ережелері бойынша тазалаңыз. Науаны тазалағаннан кейін оны орнына дұрыс орнатыңыз. Науамен жұмыс істегенде абайлықсақтаңыз!

Сақтау

- Аспапты сипатталғандай тазалаңыз және оны толығымен құрғатыңыз.
- Біз, егер аспапты ұзақ уақыт пайдаланбайтын болсаңыз, аспапты түпнұсқалық қаптамада сақтауға ұсыныс береміз.
- Аспапты үнемі балалардың қолы жетпейтін, жақсы желдетілетін және құрғақ жерде сақтаңыз.

Техникалық сипаттамалар

Моделі: КА3356
 Қуаттандыру кернеуі: 220-240 В~, 50 Гц
 Тұтынатын қуаты: 270-330 Вт
 Сыйымдылық: макс. 140 мл
 Қорғау класы: I
 Таза салмағы: шамамен 0,61 кг

Біз өнімді жетілдіру барысында техникалық және дизайнерлік өзгерістер енгізу құқығын өзімізге қалдырамыз.

Директиваларға сәйкестілігі

Осы арқылы өндіруші КА 3356 аспабы, келесі талаптарға сәйкес келетінін мәлімдейді:

- 2006/95/ЕС төмен вольтті жабдықтар бойынша еуропалық директива
- 2004/108/ЕС электр-магниттік сәйкестілік ЕО директивасы
- 2009/125/ЕС электр тұтынатын өнімді экологиялық жобалау директивасы
- 2011/65/ЕС электр және электрондық аспаптардағы қауіпті заттарды қолдануды шектеу директивасы

Кепілдік

Кепілдік шарттары

1. Аспапты үй шаруашылығында пайдалану шарты бойынша пайдаланушыларға сатып алынған күннен бастап 24 ай кепілдік беріледі. Егер аспап өнеркәсіптік пайдалануға келетін болса, онда біз кәсіпкерге сатып алынған кезде аспап үшін 12 айға кепілдік береміз. Өнеркәсіптік пайдалануға келетін аспапты өнеркәсіптік пайдалану кезінде (оның ішінде жеке пайдалану) пайдаланушылар үшін кепілдік мерзімі 12 айға дейін қысқартылады.
2. Кепілдік қызмет көрсетуге беру үшін шарты аспапты Германияда біздің ресми дистрибьютерлердің біреуінен сатып алу, сонымен қатар сатып алу туралы түбіртектің және осы кепілдік талонның көшірмелерін жіберу болып табылады. Егер кепілдік жағдай сәтіне аспап шетелде болатын болса, онда оны кепілдік жөніндегі қызметтер көрсету үшін бізге жіберу керек. Өнімді жөнелту сатып алушының есебінен жүзеге асырылады.
3. Аспаптың ақаулары туралы бізге ақау анықталғаннан кейін 14 күн ішінде жазбаша түрде хабар беру керек. Егер кепілдікке қатысты шағым негізделген болса, онда біз ақауды жою жолын анықтаймыз: жөндеу немесе бағасы бірдей аспапқа алмастыру.

4. Пайдалануға беру жөніндегі басшылықта берілген нұсқауларды сақтамау салдарынан пайда болған ақаулар үшін, аспапты дұрыс пайдаланбау немесе қарапайым тозу жағдайында кепілдікке қатысты қызметтер көрсетілмейді. Сонымен қоса, кепілдікке қатысты шағымдар нәзік бөлшектер жағдайында, мысалы, шыныдан немесе палстиктен жасалған бөлшектер жағдайында қабылданбайды. Соңында, аспапқа қатысты қандай да бір жұмыстарды авторландырылмаған тұлғалар орындаған жағдайда кепілдік бойынша шағымдар қабылданбайды.

5. Кепілдік бойынша көрсетілген қызметтер кепілдіктің әрекет ету мерзімін ұзартпайды. Кепілдікке қатысты жаңа қызметтер құқығы да туындамайды. Осы кепілдік хаты біздің тарапымыздан аспаптың өндірушісі ретінде ерікті қызмет болып табылады. Заңмен қарастырылған кепілдік қызмет көрсету құқықтары (ақауларды жою, шарттан бас тарту, шығынды төлеу және бағасын төмендету) күшінде қалады.

06.2012 жағдайы бойынша

1. **Тіркелу**

2. **Орау**

3. **Пошта арқылы тапсыру**

Дайын, бәрі оңай!

Аспапқа кепілдік ретінде сатып алу туралы түбіртектің (кассалық чек, шот, жүкқұжат) көшірмесін салуды ұмытпаңыз, кері жағдайда біз кепілдікке қатысты қызметтерді тегін көрсете алмаймыз.



Пайдаға асыру

«Қоқысқа арналған контейнер» белгісінің мәні

Қоршаған ортаны қорғаңыз, электр аспаптарды тұрмыстық қалдықпен бірге тастамаңыз.

Электр аспаптарды пайдаға асыру үшін арнайы жинақ орындарын пайдаланыңыз және ары қарай пайдаланбайтын электр аспаптарды сонда өткізіңіз.

Осылайша сіз қоршаған орта мен адамдардың денсаулығына дұрыс пайдаға асырмау салдарынан келетін әлеуетті әсерлерге жол бермейсіз.

Сіз пайдаға асыруға, өндірістік циклге қайтаруға және пайдаланылған электр және электрондық құралдарды қайта пайдаланудың басқа да нысандарына үлес қосасыз.

Аспаптарды кәдеге асыру орындары туралы ақпаратты сіз жергілікті әкімшіліктен немесе муниципалеттен ала аласыз.



Ғаламтор: <http://www.clatronic.de>